**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 53 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 4 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4174. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 275 (2008 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.12.24.* N 275 *( 2008 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М. Досмұқаметовке жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 53 қаулысымен Бекітілген

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру ережесі

1. Осы Ереже " Сақтандыру қызметі туралы " (бұдан әрі - Заң), " Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы ", " Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленіп, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру нысаны мен оның тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы резиденттерін - екінші деңгейдегі банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымды, жинақтаушы зейнетақы қорды қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары уәкілетті органға Заңның 74-1-бабында белгіленген мерзімде есептілікті ұсынады.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы* N 76 *(мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2-1. Бір уақытта басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның, екінші деңгейдегі банктің, ашық жинақтаушы зейнетақы қордың ірі қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның ірі қатысушысының есептілігі егер ірі қатысушы уәкілетті органға талап етілген кезең бойынша осы есептілікті бұрын ұсынған жағдайда ұсынылмайды.

*Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы* N 76 *(мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

3. Заңды тұлға болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының қаржылық есептілігіне мынадай нысандар жатады:

бухгалтерлік баланс;
кірістер мен шығыстар туралы есеп;
ақша қозғалысы туралы есеп;
меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
есеп саясаты туралы ақпарат пен түсіндірме жазба.

4. Заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы жыл сайын уәкілетті органға қағаз тасымалдағышта аудиторлық ұйым куәландырмаған шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны қаржы жылы аяқталғаннан соң тоқсан күннің ішінде ұсынады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы уәкілетті органға Заңның 74-1-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде есептілікті ұсынады.

6. Заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушының жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбада, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) ірі қатысушының тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбаларда осы Ереженің 1-3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша Заңның 74-1-бабының 4-тармағында көрсетілген ақпарат көрсетіледі.

7. Осы Ереженің 6-тармағында санамаланған ақпараттан басқа, заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушының жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбада толық ашу үшін қажетті шоғырландырылған есептілікті жасау жөніндегі жұмыс кестелерінің ақпаратын қоса бере отырып шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау әдістерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы және ірі қатысушының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген ірі қатысушының еншілес және тәуелді ұйымдарының тиісті түрде ресімделген (бірінші басшы және бас бухгалтер қол қойған, сондай-ақ ұйымның мөрімен бекітілген) қаржылық есептілік баптарының талдамасы көрсетіледі.

8. Шоғырландырылған, ал ол болмаған жағдайда, шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептіліктің өткізілген аудиті туралы есептің көшірмесін және аудиторлық ұйымның ұсынымдарын заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы осы құжаттарды алған күннен бастап он күн ішінде ұсынады.

9. Жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушы қаржы жылы аяқталғаннан соң тоқсан күн ішінде уәкілетті органға қағаз тасымалдағышта осы Ереженің 4-қосымшасына сай кірістер мен мүлік туралы мәліметтер бар есептілікті, сондай-ақ осы Ереженің 5- 8-қосымшаларына сай Заңның 74-1-бабы 2-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты ұсынады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық қызметі

органдарына кірістер туралы декларацияны ұсынған жағдайда жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушы қаржы жылы аяқталған соң бір жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға салық қызметінің оны қабылдау туралы белгісі бар кірістер туралы декларацияның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушылардың осы Ережеге сәйкес есептілікті уақтылы әрі толық ұсынуына жәрдем көрсетеді.

11. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымы ірі қатысушыларының
есеп беру ережесінің
1-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушы қызметінің түрлеріне сипаттама беру**

1. Есеп беретін ұйым туралы ақпарат:
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының атауы
______________________________________________________________

Почтаның мекен-жайы ___________________________________________
Орналасқан жері _______________________________________________
Телефон ___________________ Факс _____________________________

2. Қомақты операциялар сипаты (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушының акцияда орналастырылған активтерді және басқа тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесін шегергенде жасалу күніндегі меншікті капиталдың он және одан да көп процентін құрайтын операциялар қомақты операциялар болып танылады):

| N | Операцияның түрі | Операцияны жасау мақсаты | Сомасы (мың теңгемен) | Операция жасалған валютаның түрі (кіріс алынды) | Қарсы агенттің атауы | Қаржылық нәтиже (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысы арасындағы өзге операцияларды сипаттау:

| N | Операцияның түрі | Операцияны жасау мақсаты | Сомасы (мың теңгемен) | Операция жасалған валютаның түрі (кіріс алынды) | Операцияның басқа қатысушыларының атауы | Қаржылық нәтиже (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы бірлесіп қатысатын өзге операцияларды сипаттау:

| N | Операцияның түрі | Операцияны жасау мақсаты | Сомасы (мың теңге-мен) | Операция жасалған валютаның түрі (кіріс алынды) | Операцияның басқа қаты-сушыларының атауы | Қаржылық нәтижесі (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

5. Қосымша ақпарат:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының лауазымды тұлғалары туралы ақпарат:

| N | Лауазым-ды тұлғаның аты-жөні | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болып табылатын ұйымдағы атқаратын қызметі | Ұйымның атауын көрсете отырып, өзге ұйымдардағы атқаратын қызметі | Қатысу сомасы/ сатып алынған акция-лардың құны (мың теңге-мен) | Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, өзге ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (процентпен) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тура | жанама |
| 1. | | | | | | |

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының қатысушылары (акционерлері) туралы ақпарат:

| N | Ұйымның атауы/ жеке тұлғаның аты-жөні | Жарғылық капитал-дағы қатысу сомасы/ сатып алынған акция құны | Тиесілі акция саны | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының дауыс беруші акцияларының жалпы санына тиесілі акциялар санының арақатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (процентпен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дербес | | бірлескен | |
| | | | | тура | жанама | про-цент | ұйымның атауы |
| 1. | | | | | | | |

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының ұйымдардың жарғылық капиталындағы (акциялардағы) қатысу үлесін сатып алу үшін заемдарды алғаны туралы ақпарат:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| N | Ұйымның/ заем берілген жеке тұлғаның атауы | Ұйымның атауы, жарғылық капитал-дағы қатысу үлесі, немесе заем есебінен сатып алынған акциялар | Заем сомасы (мың теңгемен) | Жарғылық капитал-дағы қатысу сомасы/ сатып алынған акция-лардың құны (мың теңгемен) | Акция саны | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының сатып алған акциялар саны ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (процентпен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |
| | | | | | | |

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы ірі қатысушы (ірі акционер) болған ұйымдар тізбесінің өзгеруі туралы ақпарат:

| N | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының ірі қатысушы (ірі акционер) болған ұйымның атауы | Жарғылық капитал-дағы қатысу кезеңі/ акцияларды иелену (сатып алынған күні мен мақсаты және іске асыру) | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына тиесілі акциялардың ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (процентпен) | Мәміле сомасы (мың тең-гемен) | Мәміленің қаржылық нәтижесі (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |

Бірінші басшы ______________________________ ____________
(аты-жөні) қолы

Бас бухгалтер ______________________________ ____________
(аты-жөні) қолы

Мөр орны

Орындаушы __________________________________ ____________
(аты-жөні) қолы

Телефон ____________________

Күні ____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымы ірі қатысушыларының
есеп беру ережесінің
2-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы қатысушы (акционер) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат**

1. Есеп беретін ұйым туралы ақпарат:
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының атауы
____________________________________________

Почтаның мекен-жайы ____________________

Орналасқан жері ____________________

Телефон ____________________ Факс ____________________

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен қатынастары туралы ақпарат

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларын иелену (процентпен)

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі (процентпен)

тура______ жанама_________

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шарт күшінде не өзге тәсілмен қабылданатын шешіміне ықпал ету мүмкіндігі (растаушы құжаттама қосымшаларымен бірге)
____________________________________________
____________________________________________
____________________________________________

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушы қатысушы (акционер) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат:

| N | Ұйымның атауы | Қатысу сомасы/ сатып алынған акция құны ( мың теңгемен) | Тиесілі акцияның саны | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына тиесілі акциялар саны ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі ( процентпен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дербес | | бірге | |
| | | | | тура | жанама | процент | ұйымның атауы |
| 1. | | | | | | | |

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылатын ұйымдар қызметінің түрін

немесе түрлерін сипаттау (қаржылық есеп беру қосымшаларымен бірге)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының ұйымдардың жарғылық капиталдағы (акцияларды иелену) қатысу схемасы (шартты болып табылады, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы толық құрылымды ұсынуы керек)

```
                         ______________________________
                        | Сақтандыру (қайта сақтан-  |
                    |      дыру) ұйымының ірі        |
                      | қатысушының ірі қатысушы    |
                         |______________________________|
                                                 |
                                              |   5  1  %
                         ______________|_______________
                        |Сақтандыру (қайта сақтандыру)|
                    |    ұйымының ірі қатысушысы     |
                       |________________________________|
                            /              |              \
                           /  1 5 %        |      1 0 %    \
   ________________________         |        ___________________
 | Сақтандыру (қайта сақ-  |      |        |  сақтандыру (қайта |
 |  тандыру) ұйымының ірі |      |        |сақтандыру) ұйымдары|
 | қатысушысы қатысушы    |    |      |                    |
 | (акционер) болып табы- |    |     |                    |
 |     латын ұйымдар      |    |      |                    |
 |________________________|      |        |____________________|
                                                 5      %     |
                         ______________________________
                    |    Қордың ірі қатысушысы        |
                      |  қатысушы (акционер) болып |
                    |         табылатын ұйымдар       |
          |____________________________|
```

Бірінші басшы _______________________________ _____________

(аты-жөні) қолы

Бас бухгалтер _______________________________ _____________

(аты-жөні) қолы

Мөр орны

Орындаушы ________________________________ ____________

(аты-жөні) қолы

Телефон ______________________

Күні ____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру ережесінің 3-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы ірі қатысушылар (акционерлер) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат**

1. Есеп беретін ұйым туралы ақпарат: Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушының атауы

_________________________________________________________________

Почтаның мекен-жайы _____________________________________________

Орналасқан жері__________________________________________________

Телефон____________________Факс___________________________________

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы ірі қатысушылар (акционерлер) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат:

| N | Ұйымның атауы | Қатысу сомасы/ сатып алынған акциялар құны (мың теңгемен) | Тиесілі акция-лардың саны | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталдағы қатысу үлесі (процентпен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дербес | | бірге | |
| | | | | тура | жанама | процент | ұйымның атауы |
| 1. | | | | | | | |

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушының ірі қатысушылары (акционерлері) болып табылатын ұйымдар қызметінің түрін немесе түрлерін сипаттау (қаржылық есеп беру қосымшаларымен бірге)

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушының ірі қатысушы аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат (аффилиирлену белгілерін көрсете отырып)

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат (бақылау жасаудың негізін көрсете отырып)
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысын бақылайтын еншілес және тәуелді ұйымдардың тұлғалары туралы ақпарат
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________

Бірінші басшы ______________________________ _____________
(аты-жөні) қолы

Бас бухгалтер ______________________________ _____________
(аты-жөні) қолы

Мөр орны

Орындаушы ______________________________ _____________
(аты-жөні) қолы

Телефон ______________________

Күні _____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру ережесінің 4-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының кірістері мен мүліктері туралы мәліметтер**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:

Аты-жөні ____________________________________________________________

Жеке куәлігі (паспорт) ______________________________________________
(серия, нөмір, кім және қашан берілген)

Тұрғылықты жері _____________________________________________________

үй телефоны ___________________

жұмыс телефоны _______________

Есепті кезең _______________________________________________________

| N | Атауы | Өлшем бірлігі | Өткен есепті кезеңге | | Есепті кезеңге | | Есепті кезеңдегі өзгеріс | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Саны | Сомасы (теңге) | Саны | Сомасы (теңге) | Саны | Сомасы (теңге) |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Есепті кезеңде алынған кірістер: | | | | | | X | |
| 1.1 | Жалақы | | | | | | X | |
| 1.2 | Дивидендтер және ұйымдардың жарғылық капиталындағы ( акцияларындағы) қатысу үлестерінен кіріс | | | | | | X | |
| 1.3 | Салымдар бойынша сыйақы | | | | | | X | |
| 1.4 | Мүлікті жалға бергеннен түсетін кіріс | | | | | | X | |
| 1.5 | Кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс | | | | | | X | |
| 1.6 | Мүлікті сатудан түсетін кіріс | | | | | | X | |
| 1.7 | Кірістің басқа түрлері ( талдамасымен бірге) | | | | | | X | |
| 2. | Мүлік: | | | | | | | |
| 2.1 | Ақша:<br>ұлттық валютада, оның ішінде:<br>банк шоттарындағы<br>шетел валютасындағы қолма-қол ақшамен оның ішінде:<br>банк шоттарында<br>қолма-қол ақшамен | | | | | | | |
| 2.2 | Бағалы қағаздар (эмитенттің атауын көрсете отырып), оның ішінде<br>жай акция артықшылығы бар акция<br>облигация | | | | | | | |
| 2.3 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымдардың (атауын көрсете отырып) дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе олардың жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместері (процентте) | | | | | | | |
| 2.4 | Жылжымайтын мүлік | | | | | | | |
| 2.5 | | | | | | | | |

| | Басқа мүлік (талдамасымен бірге) | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Қолы ____________________

Күні ____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру ережесінің 5-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қабылдайтын шешімдеріне ықпалын жүзеге асыру туралы ақпарат**

Есеп беруші жеке тұлға туралы ақпарат:

Аты-жөні ____________________

Тұрғылықты жері ____________________

Үй телефоны ____________________

жұмыс телефоны ____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мынадай қабылдайтын шешімдеріне ықпалын жүзеге асыру туралы ақпарат:

1) басқа тұлғалармен бірлесіп ____________________

2) өзге тәсілмен ____________________

оның ішінде осындай ықпалдың мүмкіндігін айқындайтын өкілеттілікті бөлуді зерттеу мазмұны бар.

Қолы ____________________

Күні ____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының есеп беру ережесінің 6-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының ұйымдардағы атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:

Аты-жөні ____________________

Тұрғылықты жері ____________________

Үй телефоны ____________________

жұмыс телефоны ____________________

| N | Ұйымның атауы | Атқаратын лауазымы | Қатысу сомасы/ сатып | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы |
|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алған акциялардың құны (мың теңгемен) | санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталдағы қатысу үлесі (процентпен) | |
| | | | | тура | жанама |
| | | | | | |

Қолы _____________________
Күні _____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымы ірі қатысушыларының
есеп беру ережесінің
7-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының алынған заемдар есебінен ұйымдардың жарғылық капиталындағы (акциядағы) қатысу үлесінен өзіне тиесілісін иеленгендігі туралы ақпарат**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының аты-жөні
__________________________________________
Аты-жөні _________________________________
Тұрғылықты жері ___________________________
Үй телефоны _____________________
жұмыс телефоны ___________________

| N | Ұйымның/ заем берілген заңды тұлғаның атауы | Ұйымның атауы, жарғылық капитал-дағы қатысу үлесі немесе заем есебінен сатып алынған акция | Заем сомасы (мың тең-гемен) | Жарғылық капитал-дағы қатысу сомасы/ сатып алынған акция-лардың құны (мың теңгемен) | Акция саны | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының иеленген акциялар санына ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (процентпен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

Қолы _____________________
Күні _____________________

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымы ірі қатысушыларының

есеп беру ережесінің
8-қосымшасы

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының жақын туыстары, ерінің және ерінің (зайыбының) жақын туыстары туралы мәліметтер***

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының аты-жөні
Аты-жөні ___________________________________________________
Тұрғылықты жері _______________________________________________
Үй телефоны ______________________
жұмыс телефоны __________________
_____________________________________________________

| N | Жақын туысы, ерінің немесе ерінің (зайыбының жақын туысының аты-жөні | Туысу деңгейі | Ұйымның атауын көрсете отырып жақын туысы, ерінің немесе ерінің (зайыбының жақын туысының атқаратын қызметі | Жарғылық капиталдағы қатысу сомасы/сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен) | Жақын туысына, еріне немесе ерінің (зайыбының) жақын туысына тиесілі акциялардың ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталдағы қатысу үлесі (процентпен) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тура | жанама |
| 1. | | | | | | |

* кесте егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының жақын туысы, ерінің немесе ерінің (зайыбының) жақын туысы:

1) ұйымда қызмет атқарады және оның жарғылық капиталында (акциясында) қатысу үлесіне ие болған;

2) ұйымда қызмет атқарады, бірақ оның жарғылық капиталында (акциясында) қатысу үлесі болмаған;

3) ұйымның жарғылық капиталында (акциясында) қатысу үлесіне ие, бірақ осы ұйымда қызмет атқармаған жағдайларда толтырылады.

Қолы ______________________
Күні ____________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК